

23.12.2014 ж.

### **Айтулы жүлденің жеңімпазы анықталмақ**

#### **Мирас Асан**

«Тақымы бос Мөдеге сәйгүлік мінген жараспас» деді дунхуан бегі. Тәңірқұты келісіп, іші боқты, сырты түкті бір хайуанды жетектетіп жіберген.

Соғыс көксеген әлгі бек:

– Бауырыма басып, тіземді жылытайын, ханымын маған берсін, – деді іле-шала. «Қызықтап үлгермес, көз жасы құрғайтын кез туады, алсын» деді дунхуандарға Ғұн патшасы.

Тағы жаушы келіп:

– Сарыжайлауға биыл бармай-ақ қойсын, мен жаз жайлап, хұн ханшасының тойын сонда жасаймын, көшін кері әкетсін, – деді әумесер бек. Мөденің күткені де осы еді. Бірақ, сұлу мен сәйгүлікті бергенде «соғыс ашайық» деп кіжінген билер:

– Е, бір жазға ештеңе етпес. Шөптің тамыры кесілмейді. Жесе, сабағын жер, берейік, – дейді.

Сонда Мөде тұрып:

– Өздерің не деп көкіп отырсыңдар? Бұл – қысас емес, қорлық. Алдағы жолы дәстүр-салтымызда жоқ екі қолқасына көнгенім – әке де, әкенің аты да, әйел де – менің жеке өзімдікі еді. Ал, мына жерде сұрағаны – бүкіл халықтікі. Жер – Отанның меншігі. Бітіспеске бет алған екен, әскерге атой салыңдар, – деді Тәңірқұты Мөде!

Бір уыс көде үшін Мөде басын бәйгеге тікті! Ел мен жерді қорғауда ерекше ерлік көрсетіп, ұлтарактай жерімізді ұрпаққа аман сақтап қалу жолында сүйем жер үшін сүйегін берген Алаштың біртуары, қазақ халқының қаһарман ұлы – **Жұмабек Ахметұлы Тәшенев**. Өнегелі істерін, қайраткерлік жолын, асыл мұрасын дәріптеу мақсатында 2014 жылдың 23 желтоқсаны күні сағат 14.00-де Қарағанды қаласы №2 балалар музыка мектебінде қарағандылық жас ақындар қайраткер тұлға жүлдесіне «Жылдың үздік ақыны» анықталатын додаға түспек. Үшінші мәрте ұйымдастырылып отырған жыр бәйгесіне 35 жасқа дейінгі жас ақындар қатыспақшы.

Жеңіске жеткен жылдың үздік ақынына **Ж.Тәшенев** атындағы жүлде табыс етіліп, ұйымдастырушы тарап жеңімпаздың жыр кітабын басып беруге уәде етіп отыр! Бүгінгі таңда дәстүрлі шараға айналған бұл жобаға мұрындық болып жүрген белгілі айтыскер ақын – Айтбай Жұмағұлов. Естеріңізге сала кететін болсақ, аталмыш жоба аясында жас таланттарымыз Ерболат Қуатбектің «Сынық айна» және Рауан Қабидолдиннің «Ақ қайың болсын есімің» атты жыр жинақтары жарық көрген болатын.

Жыр кешінде облысқа, республикаға белгілі өнер қайраткерлері қатысады. Кештің қадірлі қонағы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, жыршы-манасшы Баянғали Әлімжанов.

